

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 64 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2016 жылы 6 сәуірде № 13574 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 25 қазандығы № 24 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 25.10.2016 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Әкімшілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Жаупты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қалыптасқан құқықтық қатынастарға қатысты таралады.

Министр

Т. Донақов

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

29 наурыз 2016 ж.  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет  
істері министрінің  
2016 жылғы 25 наурыздағы  
№ 64 бұйрығымен  
бекітіген

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің  
азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі**

№ р/п	Буын Саты	Лауазымдар атауы	
1	2	3	4

**БЛОК А (басқарушылық персонал)**

1.	A1	1	"Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Мемлекеттік басқару академиясы" (бұдан әрі – МБА) Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысы (ректор )
2.		1-1	МБА басшысының орынбасары (вице-ректор)
3.		1	МБА Институт/Мектеп директоры, Орталық басшысы, ғалым хатшы, бас бухгалтер
4.	A2	1-1	МБА Институт/Мектеп директорының орынбасары, орталық басшысының орынбасары, Қызмет басшысы, бас бухгалтердің орынбасары
5.	A3	1	МБА кафедра менгерушісі, Қызмет басшысының орынбасары, бөлім басшысы
6.		1-1	МБА сектор менгерушісі, кабинет менгерушісі

**БЛОК В (негізгі персонал)**

7.		1	МБА профессор, бас ғылыми қызметкер
8.		2	МБА доцент, жетекші ғылыми қызметкер, бас сарапшы
9.		3	МБА аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер, жетекші сарапшы
10.	B1	4	МБА ғылыми қызметкер, кеңесші, аға сарапшы, аға әдіскер
11.		5	МБА кіші ғылыми қызметкер, сарапшы, әдіскер

**БЛОК С (әкімшілік персонал)**

12.	C1		МБА бас әкімші, бас редактор, бас инспектор, бас инженер, баспасөз хатшысы, ректордың көмекшісі
	C2		Біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: Бухгалтер, экономист, заңгер, барлық мамандықтар бойынша инженерлер, консультант, аудармашы, библиограф, кітапханашы, мастер, материалдық-техникалық қамтамасыз ету

13		жөніндегі маман, мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман, дыбыс режиссері, инструктор, механик, мұрагатшы, инспектор.
14	C3	Біліктілігі орта деңгейдегі мамандар: Барлық мамандықтар бойынша инженерлер, мастер, техник, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі маман, мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман, дыбыс режиссері, нұсқауышы, механик, мұрагатшы, инспектор. Менгеруші: шаруашылық, қойма, бюро (анықтама, машинаға териу, ақпараттық, көшіру-көбейту бойынша), видеотека, гараж, іс жүргізу, сақтау камерасы, жатақхана.
Блок D (қосалқы персонал)		
15	D	Техникалық Комендант, іс жүргізуі, рұқсатнама бюросының кезекшісі, оператор (компьютерлік техника, бейне-дыбыс жазу бойынша), күзетші, байланыс жүйелері мен көшіру-көбейту машиналарының операторы, хатшы, диспетчер, архивариус.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК